



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 29/55  
22 шілде



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ШЫҒАНАҚТАҒЫ АРАБ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ КЕҢЕСІНІҢ» БІРІНШІ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент өз сөзінде Орталық Азия мен Шығанақтағы араб мемлекеттері басшыларының бүгінгі кездесуі, ең алдымен, уақыт талабы және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге көтеру жолында өзара түсіністік бар екенін көрсететініне назар аударды. Оның айтуынша, біздің елдеріміз екіжақты форматта берік әрі үйлесімді мемлекетаралық қатынас орнатты. Сенімді әрі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстарды тұрақты түрде нығайтып келеді.

– Жаһандық орнықты даму мәселесі бойынша мемлекеттеріміздің халықаралық аренадағы көзқарастары – ортақ немесе жақын. Жалпы, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттары да бір. Тарихи байланыстар, ортақ рухани құндылықтар, достық пен бауырластық – қарым-қатынасымыздың берік негізі екені сөзсіз. Қазақстан бүгінгі кездесуге ерекше мән береді. Шығанақ елдерінің саяси ықпалы, экономикалық және инвестициялық әлеуеті зор. Олар – көптеген негізгі бағыттар бойынша біздің ең маңызды серіктесіміз. Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі аймақтық ынтымақтастығын жандандырып, өңірдің жаһандық маңыздылығын күшейту қажет деп санаймыз. Бұл көпжақты ықпалдастықты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы іске «Орталық Азия +» диалог форматы елеулі үлес қосатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент

Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуеті мен Шығанақ елдерінің орасан зор мүмкіндігі көпжақты серіктестікті биік белеске шығара алатынына сенім білдіріп, осы диалог форматындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарына қатысты өз пікірін ортаға салды.

– Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту маңызды. Соңғы жылдары біздің аймақтың Ынтымақтастық кеңеске мүше елдермен сауда-саттығы қарқынды дами бастады. Мұны ерекше атап өткен жөн. Бірақ көрсеткіштер біздің әлеуетіміздің толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Тауар айналымын айтарлықтай арттыру үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Ол үшін өзара сауда номенклатурасын ұлғайту қажет. Мысалы, Қазақстан қысқа мерзімде құны шамамен 400 миллион доллар болатын 100 түрлі тауар экспорттауға дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру мәселесін екінші басым бағыт ретінде атады. UNCTAD баяндамасына сәйкес былтыр Орталық Азияға тартылған таза инвестиция 40 пайызға артып, 10 миллиард долларды құрады. Оның 60 пайызы Қазақстанға тиесілі.

– Тәуелсіздік жылдары Шығанақ елдері Қазақстан экономикасына 3,6 миллиард долларға жуық қаржы салды. Сондықтан біз инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Осыған орай экономиканы әртараптандыруға бағытталған

ауқымды реформалар жүргізілуде. Шетелдік капитал үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Жуырда Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында Іскерлік кеңес құрылды. Ол екі елдің сауда және инвестициялық әлеуетін арттыруға арналған маңызды алаң болмақ. Біз Кеңеске мүше мемлекеттердің барлығымен осындай ынтымақтастық орнатуға дайынбыз. Серіктестерімізді «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, көлік-транзит саласын дамыту маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттеріміз көлік бағыттарын әртараптандыру үшін белсенді шаралар қабылдап жатыр. Түрлі инфрақұрылымдық және логистикалық жобалар қолға алынуда. Атап айтқанда, Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік дәлізін одан әрі дамытуға баса мән береді.

– Біз бұл бағыт арқылы жүк тасымалын дәйекті түрде ұлғайтуға ниеттіміз. 2030 жылға қарай жыл сайын 500 мың контейнерге дейін жүк жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін дамыту шараларын қабылдауда, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды келесі басым бағыт ретінде атап өтті. Орталық Азия мемлекеттерінің аумағында 30 миллиард тоннадан астам барланған мұнай қоры және 20 триллион текше метрден астам газ қоры бар. Бұл аймақтың мұнай мен газ көлемі жағынан әлемде Араб түбегінен кейін екінші орында екенін көрсетеді.

– Қазақстан ОПЕК+ келісімінің қатысушысы ретінде осы ұйымға мүше елдермен ынтымақтастықты жоғары бағалайды. Біз жан-жақты қарым-қатынасты тереңдете түсуге дайынбыз. Елімізде энергетика ресурстарын тасымалдау бағыттарын әртараптандыру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге Қазақстан өндіруші жаңа қуат көздерін дамытуға және жаңғыртуға баса мән береді. Геологиялық барлау және өндіру ісіне озық тәжірибе мен технологияны енгізуге айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ заманауи мұнай-химия өнеркәсібін өркендетуге басымдық береді. Қазақстан Шығанақ елдерінің ірі энергетикалық компанияларымен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын. Әсіресе, «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Сол жиында мен Қазақстанда Халықаралық энергетикалық форум өткізуді ұсындым. Ынтымақтастық кеңесі-

не мүше елдердің мұнай мен газ экспорттайтын кәсіпорындарын осы іс-шараға қатысуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

– Еліміз – әлемде бидай мен ұн өндіретін ең ірі он мемлекеттің бірі. Араб әріптестеріміздің «органик» және «халал» өнімдерін өндіру, өңдеу және сертификаттау тәжірибесі мен мүмкіндігі мол. Сондықтан оларға сұраныс жоғары. Осы орайда стандарттарды, техникалық реттеу және сертификаттау жүйесін үйлестіру маңызды. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет деп санаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін пайдаланып, бұл міндеттерді тиімді іске асыра аламыз. Ұйымның қазіргі Төрағасы ретінде белсенді жұмыс жүргізіп жатқаны үшін Қатар басшылығына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ оның қызметін жандандыруға Сауд Арабиясының зор үлес қосқанын айрықша атап өткім келеді. Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін Ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесу тетігін құруды ұсынамын, – деді Президент.

Сонымен қатар «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммитіне Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Бахрейн Королінің гуманитарлық жұмыс және жастар ісі жөніндегі өкілі, Ханзада шейх Насер бен Хамад Әл Халифа, Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни, Кувейттің Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабах, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әмірлігінің Билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, Оман Сұлтанаты Премьер-министрінің орынбасары, Ханзада Асад бен Тариқ Әл Саид, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Шығанақтағы араб мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің бас хатшысы Жассем Мұхаммед әл-Будауи қатысты.

«Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесі» бірінші саммитінің қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТСЕК...

## ҚОРЖЫНТҮБЕК: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН...

Бұрынғы Қоржынтүбек елдімекені, бүгінгі Приозерск қаласының кешегі, бүгінгі және тарихы ұрпақтарға естелік һәм жәдігер болып қалуы тиіс. Ол үшін көнекөз қариялар мен құймақұлақ жандардың көзбен көргендері мен естігендерін жазып қалдыруы маңызды. Сондықтан баспасөз құралдары сондай кісілердің әңгімелерін газет беттерінде жариялап, оқырманға және өскелең ұрпақтың назарына ұсынып отырғандары жөн деп санаймыз. Бүгінгі мақала авторы Приозерск қалалық мемлекеттік мұрағат директоры Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесовтің шағын мақаласын тарихымыздың бір пұшпағы ретінде газетімізге жариялап отырмыз. Алдағы уақытта көрген-білгендері, естігендері туралы жазып, газетке ұсынатындарға редакция есігі мен газеттің беттері әрдайым ашық, қуана қарсы аламыз!

1930-жылдардың орта шенінде Қоржынтүбек (қазіргі Приозерск қаласы) Сарымсақты (қазіргі Сарышаған бекеті) Бурыл-байтал, Қашқан теңіз, Мойынты, Киікті, Босаға, Соқырқой елдімекендері Тасарал селолық кеңесінің құрамына кірді. Сол кезде селолық кеңес есебінде бес мыңға тарта адам болған. Ауылда «Қызыл қазақ» балық аулау мекемесінен басқа «Тасарал» балық қабылдау және оны өңдеу зауыты, «Тасарал артель-соль» кәсіпорны және мал шаруашылығы фермасы болған.

1928-жылы басталған саяси қуғын-сүргін, байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу әсерінен арқада отырған қазақтар жан сақтау үшін Балқаш көлінің жағасына ағылады. Көл жағалай орналасқан балықшы ауылдардың ашаршылық жылдары елді аман сақтаудағы орны ерекше. Елді ашаршылық жайлағанда арқадан ауа көшкен ел осы күнгі Сарышаған, Балқаш қаласына салынған асфальт жолдың (ол кезде қара жол) бойында Тасарал мен Гүлшаттың аралығында Балқаш көліне жете алмай аштан қырылып, сүйектері көмусіз қалған, - дейді, көне көз қариялар. Кеңес билігі тұсында Шет ауданына қарасты болған осы жерлер 1930-1937-жылдарға дейін Жамбыл облысының Шу ауданына қараған. 1937-жылы Балқаш қаласының қарамағына беріледі. Ал, 1997-жылы Жезқазған облысы Тоқырауын (бұрынғы Приозерный) ауданы таратылған соң, Ақтоғай ауданының қарамағына беріледі. 1947-жылы Мойынты-Шу теміржолы ашылған соң балықшы ауылдың көптеген тұрғындары іргелес орналасқан темір жол бекеттеріне көшіп кетеді. Кешегі Кеңестік дәуірде ұлан-байтақ елімізді сыртқы жаудан қорғау

дегенді желеу етіп, талай полигондар мен әскери бекіністер салынған. Міне, солардың бірі – Сарышаған полигоны. Бүгінде алпыс алты жылдық тарихы бар Сарышаған әскери полигонының әкімшілік-басқару орталығы болған Приозерск қаласы – әскери құпиясы мол, еліміздегі жабық қалалардың бірі болған.

1956-жылғы 3-ақпанда СОКП Орталық Комитетінің бюро мәжілісінде КСРО Қорғаныс министрі, Кеңестер Одағының маршалы Г.Жуков пен КСРО Қорғаныс өнеркәсібі министрі Д.Устиновтың зымыран шабуылына қарсы қорғаныс полигонының жұмыстарын күшейту жөніндегі ұсыныстары қаралып, компартия тарапынан мақұлданады. Сол шешімге байланысты № 10-мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығын құру және әуе шабуылына қарсы қорғаныс сынақ полигонын (ПВО) салу туралы бір ауыздан шешім



қабылданып, тиісті құжаттармен анықталып, бекітіледі. СОКП Орталық комитетінің 1956-жылғы 30-шілдедегі № 170-шешімімен және КСРО Министрлер кеңесінің 1956-жылғы 30-шілдедегі №171-қаулысының негізінде полигон тұрақты жерге көшіріліп, ғылыми негізде қайта салынатын болады. Құпия полигонның әкімшілік-басқару орталығы Приозерск қаласын салудың басты себебі де осы жағдайлар болды.

1960-жылы 24-желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының жарлығымен Қоржынтүбек елдімекені әскери құпияны сақтау мақсатында Көктас бекетінің атымен кент санатына жатқызылып, Балқаш қалалық Кеңесінің қарамағына беріледі. Осы жерлердің қазақы атаулары ешқандай құжатпен бекітілмеген-

діктен және еш жерде тіркелмегендіктен әскерилер тілге жеңіл, өздеріне ыңғайлы атаумен атауды жөн көрген. 1961-жылы 14-қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының қаулысымен Көктас кенті облысқа бағынатын кенттер санатына жатқызылады. 1963-жылдың 28-қазанында болған қалалық Кеңестің бірінші сессиясында төрағалық еткен полигон командирі, V және VI шақырымдарда сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, СОКП XXII және XXIII съездерінің делегаты С.Д. Дорохов Приозерскіге қала мәртебесін беруге ұсыныс енгізді. 1963-жылы 28-желтоқсанда Қазақ КСР Кеңесі төралқасының жарлығымен Көктас кенті облыстық маңызы бар қала болып қайта құрылып, оған Приозерск атауы беріледі. Әскери бөлім алғашқыда

орынбасары болып он жыл қызмет атқарған генерал-лейтенант М.И. Трофимчук басқарады. Қала мен сынақ нысандарының құрылысы орталық тарапынан қатаң бақылауға алынып, құрылыс және басқа да материалдармен тоқтаусыз қамтамасыз етіп отырады. Нәтижесінде көл жағасында көк шалғынға бөленген, жан-жақты дамыған қала пайда болады. Кеңестер Одағы құлдырап ыдырауға айналған кезде қалада берексіздік басталады.

1991-жылы еліміз егемендік алғанша қаланың жағдайы мен келбеті адам шошырлық жағдайға жетті. Одақ кезінде қазақтардың саны барлық тұрғындардың 0,3 пайызынан аспаған қала тарихында 1993-жылы тұңғыш рет қазақ ұлтынан басшы тағайындалды. Бірте-бірте полигон орталығына алыс-жақын ауылдар мен елдімекендерден жұмыс іздеген жастар ағылып келе бастады. Қазақстан үкіметі иесіз қаланы сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. 1995-жылдың ақпан айынан бастап көршілес Өзбекстан Республикасынан көшіп келген қандастарымыздың және еліміздің түкпір-түкпірінен қоныс аударғандардың арқасында жойылуға шақ қалған қала еңсесін көтеріп, қайта бой түзей бастады. Қаланың жаңа тұрғындары шағын шаһардың болашағы үшін аянбай еңбек етті, күресті һәм диттеген мақсаттарына жетті.

Көл жағасындағы Қоржынтүбек – бұл күндері жанға жайлы жақсы қоныс. Ол қала тұрғындары үшін қимас, киелі мекенге айналған. Қала тұрғындары осынау сәулетті қалаға жас тал шыбықтарын көптеп отырғызып, көгалдандыру жұмысына жаппай атсалысуда. Бұрынғы қала әкімі бастаған мұндай игілікті істер қала тұрғындарынан қолдау тапты. Қаланың жасыл желегі жайқалып, гүлзарлар көз жауын алады. Теп-тегіс жол, кең көше, іңір түсісімен қаланы жап-жарық қылатын электрлі шамдар, қалаға бет алған жолаушыларды көл жағадан соққан самал жел беттерін өбіп, қарсы алады. Жаз болса қаламызға келетін қонақтарда шек жоқ, бізде қаламыздың әсем табиғатымен мақтанамыз. Бүгінгі қала басшысысы Нұрлан Ламбековтің атқарып жатқан игі істері көңіл қуантады. Қала күніне қарсы өткізіліп жатқан іс-шаралар, қала тұрғындарының көңілінен шығуда.

Қадірлі Қоржынтүбек тұрғындары! Қала күні құтты болсын, қаламыз жылдан-жылға көркейіп, өсіп-іркендесін! Басымыз аман, іргеміз бүтін болғай!

*Жолмұрат Кеңесов,  
архив ардагері*

ЖАҚСЫ АДАМДАР – ЖАДЫМЫЗДА

## ҚАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘКІМІ (ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ОЧЕРК)

Кеңестік жүйенің керегесі күйреп, шаңырағы ортасына түскен күннен бастап-ақ қаланың болашағы бұлыңғыр тартқаны рас. Ресей әскерилерінде ауқымды қысқарту жүргізіліп, көптеген әскери бөлімдер Ресейдің басқа өңірлеріне үдере көшуге кіріскен. Көшіп жатқандар құр кетпей, өздерінің су ішкен құдықтарына түкіріп кетудің кейпін танытқаны жасырын емес қазір. Біраз тұрғын үйлер мен нысандарға айтарлықтай залал келтірілгенін өз көзімізбен көрдік және осында қалған елден естідік. Қаланың болашағы сын тезіне түскен кезде оны сақтап қалудың әрекеті жасалуы тиіс болатын. Босап қалған ондаған тұрғын үйлер мен маңызды нысандарға өз еліміздің азаматтары иелік етіп, шағын шаһардың еңсесін қайта көтеруі қажет еді. Осы маңызды мәселені қаперге алған жоғарыдағы басшылар қаланы сақтап қалу үшін оған тәжірибелі, ұйымдастыру қабілеті жоғары, іскер адам керектігін ескеріп, таңдау Сағымбай Мұхатайұлы Медеубаевке түскен екен. Осылайша Сағымбай Мұхатайұлы 1993-жылдың тамыз айында Приозерск қаласы әкімшілігіне басшы болып тағайындалған. Сәкенді аса жауапты қызметке жіберуі жайдан-жай емес еді. Басшылар оның бұл жұмыстың үдесінен шығатынына үлкен сенім артты, тығырықтан шығар жол табатынын білді.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастағана С.Медеубаев 1970-1975-жылдары сол кездегі Целиноград қаласындағы ауыл шаруашылығы институтында жоғары білім алып, агроном мамандығы бойынша бітірген. Кейіншелік, 1987-1989-жылдар аралығында СОКП Орталық комитетінің жалпы ғылымдар Академиясынан дәріс алған. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң 1975-1977-жылдары Жезқазған облысы Ағадыр ауданында өзінің агроном мамандығы бойынша қызмет ете жүріп, еңбекқорлығымен, біліктілігі және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен оның қызметтік дәрежесін өсіруге жоғарғы басшылық шешім қабылдайды. Сөйтіп ол Ағадыр аудандық комсомол комитетіне екінші хатшы болып тағайындалады. Жастық жалынын аудан жастарының жігерін жанып, еңбек қызметтегі істерінің нәтижелі болуына жұмсады. Бұл жерде екі жыл тәжірибе жинақтаған соң, Жезқазған облыстық партия комитетінде нұсқаушы, ұйымдастыру-партиялық жұмыстары меңгерушісінің орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарған. Ол кезде маман қызметкерлерді



қатты қадағалайтын партиялық бақылаудың тезінен өткен, 34 жастағы Сағымбай Мұхатайұлы 1986-жылдың шілде айында Шет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымдық қызметіне тағайындалған. «Жас келсе – іске» демекші, жас та болса, ауданның бірінші басшысы ретінде аса жауапты қызметтің үдесінен шыға білді. Өстіп, басшылық қызметтегі өмір жолы басталып кеткен. 1991-93-жылдарда Шет аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Міне, қарапайым жұмысшыдан бастаған еңбек жолы ауданның бірінші басшысына дейін қызметтік сатымен өскен, өмірдің өзінен және қызметтік мәртебеден мол тәжірибе жинақтаған Сәкеннің Приозерск қаласын қайта қалпына келтіруге өресі мен білімі, біліктілігі жетеді деп ойлауы заңды болатын.

Кеңестік кезеңде бұл қалада жергілікті халық пен қазақтар саусақпен санарлық қана болғанын осында тұрған елдің айтуы арқылы білеміз. С.Медеубаев қала басшысы болып келгенде де солай болатын. Қалаға ел-жұртты жинау оңай болмады. Алғашқы екі жыл айналадан қызметке, еңбекке қажетті адамдарды қалаға тартуға арналды. 1992-жылы Алматыда Дүние жүзі қазақтарының бірінші Құрылтайы өткені белгілі. Осы Құрылтайдан кейін Қазақстан Президенті әлемнің әр қиырында шашырап жүрген қазақтарды өз Отандарына қайтуға шақырған Үндеуі жарияланды. Аталмыш Үндеуден соң Өзбекстан мен Монғолиядан көштің алғашқы дүркіні басталып кеткен еді. Осыны ескерген С.М. Медеубаев сол кездегі Жезқазған облысының әкімі болған Қажымұрат Нағмановпен кеңесіп,

Өзбекстан Республикасының қазақтар тығыз орналасқан аудандарынан халықты көшіріп алу мәселесін қарастырған. Аймақ әкімі тарапынан қолдау тапқан соң бұл іске қызу кірісіп кетеді. Қалаға қандастардың алғашқы тобы 1995-жылдың басында табан тірейді. Бұлар Бухара облысының Газли қаласынан Жамбыл, Шымкент облысының елді мекендеріне бұрынырақ көшіп келіп, орналаса алмай, үйренісе алмай жүрген жұрт болатын. Қала әкімінің емеурінін естіген жұрт Приозерскіге көшуді қалайды және әкіммен жолығып, сөйлесіп, келісе отырып қоныс аударуға шешім қабылдаған. Ал, 1995-жылдың шілде айынан бастап Өзбекстанның Науаи облысының Тамды, Кенимех, Үшқұдық аудандарынан қандастарымыз топтаса көшіп келе бастағаны белгілі. Қала әкімінің тікелей бастама-сымен Жезқазған облысының әкімі Қ.Нағмановпен келісе отырып арнайы үсті жабық, ұзын қорапты жүк көліктері бөлінді. Көшіп келіп жатқандарға облыстық бюджеттен көш-қон басқармасы арқылы адам санына қарай жәрдемақы берілді. Әкімдік тарапынан қолдан келер барлық материалдық, моралдық көмек көрсетілді. Жұмысқа жарамды адамдарды қызметке, жұмысқа орналастыру жағы қарастырылды. Көшіп келушілердің тізімін жасап, олардың жай-күйін қадағалап отыру үшін қала әкімі С. Медеубаев көпті көрген, елдің ақсақалы Мырзабек Хизировты өзіне кеңесші етіп алды. Қоныстанушы жұрттың мұң-мұқтажы мен тіршілігін осы арқылы біліп отырды.

Осы кездері қаланың тыныс-тіршілігіне жан бітіп, қызу жұмыстың басталған кезеңі болды. Қаладағы

бос қалған, бірақ жөндеуге келетін үйлер мен пәтерлердің жөндеу жұмысы жүріп жатты. Қиын-қыстау кез болуына қарамастан, көшіп келген халықтың жаңа қонысқа бейімделуіне және сіңісіп, тұрақтап қалуына барлық жағдай жасалды. Бұл сәттер қанатынан қайрылған, ағашқа қонақтап қалған құстың күйін кешкен қаланың алғаш қанатын серпіген кезеңі еді. Жасыратыны жоқ, қаланы қалпына келтіру үшін мемлекеттен бөлінген қомақты қаржыны өздеріне сіңіру үшін жіберілген жаңа әкімнің өз командасымен келуі халықты біраз әуре-сарсаңға салғанына куәміз. Ел-жұрттың қамын жеген С.М. Медеубаев басқа қызметке ауыстырылды да, жаңа әкімнің командасы өз билгендерін жасап бақты. Арадан жыл өткенде олардың жемқорлық әрекеттері әшкереленіп, тиісті жазаларын алды. 1996-1998-жылдар аралығында Сәкен басқа қызметтерде жүргенде қалада бірнеше әкім ауысып үлгерді. Қала халқының облыстық, Республикалық деңгейдегі құзырлы орындарға жиі-жиі хат жазып, өтініш жасауына байланысты 1998-жылдың шілдесінде С. Медеубаев қалаға әкім болып қайта оралды. Одан кейінгі ол кісінің жасаған еңбектері мен қызметі көз алдымызда өтті. Осы қаланың қатарға қосылуына және қандастарды көшіріп алып, қоныстанып қалуына орасан күш-қуат жұмсап, еңбегін сіңірген Сағымбай Мұхатайұлын қала қалқы әлі күнге естеріне алып, ризашылық сезімдерін, алғыстарын білдіріп отырады.

Өзінің қызметтік дәуірінде С.М.Медеубаев бірнеше мемлекеттік мадақтауларға ие болған. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын барыс» төсбелгісімен, екі рет Қазақстан Республикасының төсбелгісімен, I, II және III дәрежелі «РФ ҚК үздік қызметі үшін» және «КСРО әуе қорғаныс күштерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық, Қарағанды облысының 80 жылдық мерейтойлары шеңберінде өтіп жатқан ішаралар барысында аймағымыздың және Приозерск қаласының дамуына, өсіп-өркендеуіне өзіндік елеулі үлес қосқан атпал азаматтың еңбегі мен қызметін бір сәт еске алып, өзгелерге үлгі етуді көздеген мақсатымыз орындалды деп ойлаймын. Сәкен секілді азаматтарымыз көп болса, еліміздің даму қарқыны да үдей түсері сөзсіз! Сонымен қатар, осынау очерк қазіргі және алдағы әкім-қараларға үлгі-өнеге болады деп үміттенеміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

## ӘЛЕУМЕТТІК АЗЫҚ ТҮЛІК БАҒАЛАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ



Бүгін қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы қаламыздың шағын алаңында өтіп жатқан ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін аралап әлеуметтік азық түлік бағаларының тұрақтылығын қарап шықты.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

Сегодня аким города Нурлан Рымбаевич посетил сельскохозяйственную ярмарку, которая проходит на малой площади нашего города. А также, проверил стабильность цен на социальные продукты.

## ҚАЗАНДЫҚТЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ



Қала әкімі Н.Ламбеков қазандықты жөндеу жұмыстарын тексерді. Қазіргі таңда жылыту маусымына дайындық барысында коммуналдық қызметтерді тұтынушылар жөндеу және алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

Аким города Н.Ламбеков провел осмотр ремонтных работ котельной. В процессе подготовки к отопительному сезону потребители коммунальных услуг проводят ремонтные и профилактические работы.

## 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Каскатаев Айдын Кайратович	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-27-92

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №29/55, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.